

**Түркістан облысының білім басқармасының
Мақтаарал ауданының білім бөлімінің «Ақберен»
бөбекжай- бақшасы Мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны**



Бөбекжай- бақша меңгерушісі

Б. А. Мұсырманкулова

Өзін - өзі бағалау құрылымы

2023 ЖЫЛ

**Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Мақтааралауданы,
Нұрлыбаев ауылдық округі, Ынталы ауылы
«Ақберен» бөбекжай-бақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» №319 Заңының 59 бабына және «Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігі Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Түркістан облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі Ережесінің 15-тармақ 10 тармақшасына сәйкес және Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2023 жылғы 9-шы қарашадағы №1835 бұйрығы бойынша 2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізіміне сәйкес өзін-өзі бағалау құжаттарын жүргізу үшін мынадай құрамда бақшаның өзін-өзі бағалау аттестаттау комиссиясы 29 қараша 2023 жылғы №52 бұйрығымен құрылды:

1. Б.Мусырманкулова – бақша меңгерушісі, комиссия төрайымы;
2. М.Байниязова – бақша әдіскері, комиссия мүшесі;
3. Ғ. Исабекова – бақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі;
4. А. Байдаулетова – бақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі.

Өзін-өзі бағалау іс-жоспары түзілді және соған сәйкес жұмыстар жүргізілді. Бағаланатын кезеңдерге сәйкес талдау жасалатын құжаттар дайындалды және олардың барлығының көшірмелері түпнұсқадан сканерленген ПДФ форматталған файлдарға салынды және сайтқа жүктелді.

«Ақберен» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны екі жыл және ағымдағы жылдың желтоқсан айына дейінгі оқу-процесін зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау қортындысын ұсынады.

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

«Ақберен» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны туралы ақпараттық анықтама

1	Мектепке дейінгі ұйымның атауы	Түркістан облысының білім басқармасының, Мақтаарал ауданының білім бөлімінің «Ақберен» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
2	Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы)	Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Нұрлыбаев елді мекені, Ынталы ауылы, Жошыбекұлы Қабылан 100үй
3	Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, вебсайт)	Ұялы телефон 8 7026758100 электронды поштасы bayniyazova.1981@mail.ru вебсайт: https://akberen-edu.kz/ фейсбук: https://www.facebook.com/profile.php?id=100030949788474
4	Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)	Мусырманкулова Бадикулжамал Акимкуловна Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының, Мақтаарал ауданыбілім бөлімінің басшысының, 2019 жылдың маусымындағы №28 - бұйрығымен тағайындалды.
5	Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі)	Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Қазақстан Республикасының заңдамасына сәйкес Заңды тұлға мемлекеттік тіркеуден жылы өткен. 11.09.2023 БСН 1140010693, алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 24.10.2011жыл Кәсіпорын жарғысы Мақтаарал аудандық тіркеу және жер кадастр бөлімі 2023 жыл. 11 қыркүйек.Тіркеу № 16-1958-10-НАО –ТІ

6	Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)	Мемлекеттік лицензия 04.08.2012 жыл №0011618DX Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы
7	Құрылған жылы	2011 жыл
8	Типтік ғимарат	Екі қабатты
9	Топтар саны	8 топ
10	Балаларды оқыту тілі	Қазақ тілі
11	Жұмыс аптасының ұзақтығы	5 күндік
12	Ауысым саны	Тәрбиешілер: I ауысым; II ауысым
13	Жасына қарай топтар бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің ұзақтығы – минутпен	Кіші топ Ортаңғы топ Ересек топ МАДТ тобы
14	МДҰ – ның жобалық әлеуеті	Балабақша орны 140 балаға арналған 12.12.2011 жылы №17-4-7-3-195 санитарлық эпидемиологиялық қорытынды берілген. Құжаттар көшірмесі қоса жолданды.

Балабақша ғимараты типті. Балабақша 140 орындық, 8 топ жұмыс жасайды. Әр топ жас ерекшеліктеріне қарай топтастырылған. Балабақша аптасына 5 күндік жұмыс істейді, сағат 8.00-бастап 18.30 сағатқа дейін. Сегіз топ жұмыс жасайды. «Нұрбөбек», «Күншуақ» және «Балапан» кіші топтары, «Бүлдіршін», «Көгершін» және «Ақбота» ортаңғы топтары, «Гүлдер» ересек тобы және «Қарлығаш» МАДТ тобы. Тәрбиеленушілер мемлекеттік тілде тәрбиеленуде. Балабақшада қабылдау бөлмесі, оқу-тәрбие, ойын бөлмесі, жатын, ыдыс жуатын, асхана, әкімшілік бөлмесі, медицина бөлмесі мен қойма бар. Материалдық-техникалық базасы стандартқа сай жабдықталған. Жылу жүйесі пеш арқылы қатты отынмен (көмірмен) жылытылады. Су, электр жүйесі орталықтандырылған. Балабақша өрт-дабыл түймешесінің автоматты хабарлау жүйесінің, оның ішінде ішкі дыбыстық хабарлау жүйесі және бейнебақылау камераларымен жабдықталған.

Балабақшада медициналық кабинеті жұмыс жасайды. Медициналық кабинетте емшара бөлмесі, оқшаулау бөлмесі, санитарлық қағидаларға 12 қосымшаға сәйкес құрал - сайман жабдықтармен жабдықталған.

Балабақша ауласы көгалдандырылған, жеміс ағаштары егілген. Ауладағы ойын алаңы өз дәрежесінде жабдықталған. Жеке топтарға арналған ойын алаңдары, балалар ойнайтын құралдар көлеңкелі қоршау орындығымен гүл алаңқайлары және балалардың денсаулығын нығайтатын, ойын құралдарымен жабдықталған спорт алаңы бар.

Балабақшаның арнайы бөлмелері:

- Меңгеруші кабинеті, әдіскер кабинеті, психолог кабинеті, шаруашылық меңгерушісінің және есепшінің кабинеттері бар.

- Теледидар – 1 дана;

- Компьютер – 1 дана;

- Принтер-1 дана.

- Графопроектор- 1 дана

Ата-аналар үшін топта «Денсаулық бұрышы», «Қауіпсіздік ережелері» жылжымалы папкалар безендірілген. Әр топта «Денсаулық», «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру негізінде «Ұлттық бұрыш», «Ойыншықтар сөресі», кітаптар сөресі, «Табиғат бұрышы», «Отбасы бұрышы», заттық дамытушы орталықтар жасақталған.

Білімберуу ұйымдарын
бағалау өлшем шарттарының
1-қосымшасы

**Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу
бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін
бағалауға арналған өлшем шарттар**

Р/с	Бағалау өлшем шарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100 %	3
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған /ростаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	100 %	4
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100 %	4
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	100 %	4
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	100 %	4
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	

6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	100 %	
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	100 %	5
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100% - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		65% -дан 79 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		50 % -дан 64 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		50 %-дан кем респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін	80 %-дан 100% - ға	

	талдау	дейінгі респонденттер сапалы оқытумен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	
--	--------	---	--

Білім беру ұйымының басшысы



Бадиғулжамал Мусырманкулова Акимкуловна

А. Т. Ә (болған жағдайда)

2. Кадрлық құрамға талдау

Кадрлық құрамды бекіту - «Ақберен»бөбекжай-бақшасы жұмысының негізгі бағыттарының бірі. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен балабақша Жарғысына сәйкес педагогикалық ұжым мен білім ұйымдастыру басшысымен қалыптастырылады. Педагогикалық кадрларға қабылдау басқарушы мен педагогикалық жұмысшы арасында жасалған еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады. 2023-2024 оқу жылында 18 педагог жұмыс атқарады:

«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» жоғары білімді 7 педагог

«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» арн.орта білімді 1 педагог

«Бастауыш сыныпта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» жоғары білімді 3 педагог

«Педагогика және психология» аяқталмаған жоғары білімді 1 педагог,

«Қазақ тілі және әдебиеті» жоғары білімді 1 педагог,

«География ,тарих» жоғары білімді 1 педагог,

«Музыкалық білім» жоғары білімді 1 педагог,

«Бастауыш сыныпта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» арн.орта білімді 3 педагог

Меңгеруші – Басшылық 3 санатты, 1 тәрбиеші –сарапшы, 14 педагог – модератор, 2-тәрбиеші II санатты. Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) туралы Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының 23.02.2023 жылғы № 189 хаты негізінде ҚР Білім және ғылым министрінің 27.01.2016 жылғы №83 бұйрығы 16, 17 тармақтарына сәйкес педагогтердің біліктілігін бағалауды жүргізу бойынша іс-құжаттарын электронды портфолиоға тапсырып, "Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда №20619 болып тіркелген) сәйкес педагогикалық этиканы сақтау мәселесі бойынша біліктілік санаттарын алуға 2023 жылдың қыркүйек айында №13ж/қ бұйрығы негізінде 8 педагог «педагог-модератор» біліктілік санатын алса, 2021 жылдың тамыз айында №225 ж/қ бұйрығы негізінде 1 педагог «педагог-сарапшы» біліктілік санатын алды. 2021 жылдың желтоқсан айында №84 ж/қ бұйрық негізінде 6 педагог «Педагог-модератор» санатына ие болды. 2022 жылдың 25 тамызы күні № 115 ж/қ бұйрығына сәйкес меңгеруші Б.Мусырманкуловаға «Білім беру ұйымдарына басша ұйымдастырушы біліктілік санаты» бекітілді. 2 педагог II санатты, алдағы уақытта «Педагог-модератор» біліктілік санатына өтініш беруге дайындалуда. Педагогтардың білімін бағалаудан өту туралы сертификат көшірмелері сайтқа жолданды.

Балабақшаның сапалық тізімі ұсынылған дипломның көшірмелерінен қарастырылды.

- 1. Мусырманкулова Бадикулжамал Акимкуловна**– Білімі жоғары, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті.Тарих-география-2003ж. 2019 жылдан бастап меңгеруші қызметін атқарып келеді.
- 2.Байниязова Майра Тахировна**– Білімі жоғары, Шымкент әлеуметтік педагогикалық университеті- «Бастауыш сыныпта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» -2006ж. Әдіскер қызметін атқарады.
- 3. Аязова Зарпа Сеикбаевна** – Білімі жоғары Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық универ «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» 2014жыл.Тәрбиеші болып жұмыс істейді.
- 4. Байдаулетова Айман Ораловна** – Білімі жоғары, «Сырдария» университеті –«Бастауыш сынып мұғалімі»-2008ж. Тәрбиеші болып жұмыс істейді.
- 5.Ботабекова Гулшат Жарылқаповна** – Білімі жоғары, Қайнар университеті Қазақ тілі ж/е әдебиеті мұғалімі.-2006ж.Тәрбиеші болып жұмыс істейді.
- 6. Дарменшиева Гулнур Анарбековна** – Білімі жоғары, «Сырдария» университеті «Музыкалық білім»2015ж .Ән-саз жетекшісі болып жұмыс істейді.
- 7. Жиенбаева Бактгул Абдукаримовна**– Білімі арнаулы орта, Сырдария педагогикалық училищесі «Бастауыш сынып мұғалімі»-1993ж. Тәрбиеші болып жұмыс істейді.
- 8. Зулымханова Райгул Куралбаевна**– Білімі жоғары, «Аймақтық әлеуметтік-новациялық» университеті. «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»-2016ж.Тәрбиеші болып жұмыс істейді.
- 9. Орынбекова Бактыгул Жакселиковна** – Білімі жоғары, Қазақ инженерлі – педагогикалық халықтар достығы университеті –«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» 2017 жыл.Тәрбиеші болып жұмыс істейді.
- 10. Исабекова Гайныш Калмахановна** – Білімі жоғары, М.Әуезов Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік универ 2007жыл. Психолог болып жұмыс істейді.
- 11.Кузурбаева Айсара Бактыбековна**- Білімі жоғары, «Сырдария» университеті –«Бастауыш сынып мұғалімі»-2013ж. Тәрбиеші болып жұмыс істейді.
- 12.Сламбекова Алия Мусахановна**-Білімі арнаулы орта.Жетісай қазақ педагогикалық училищесі –«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»1992ж. Тәрбиеші болып жұмыс істейді.
- 13.Садибекова Айгерим Жумабаевна**- Білімі жоғары, «Аймақтық әлеуметтік-новациялық» университеті. «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»-2015ж Тәрбиеші болып жұмыс істейді.
- 14.Сындарова Бибигул Сапаровна**- Білімі арнаулы орта.Жетісай педагогикалық училищесі –«Бастауыш сыныпта оқыту»1987ж. Тәрбиеші болып жұмыс істейді.
- 15.Тузелова Гулзакира Салибаевна**- Білімі жоғары, «Аймақтық әлеуметтік-новациялық» университеті. «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»-2016ж Тәрбиеші болып жұмыс істейді.

16.Уразова Сауле Номиалыовна-Білімі арнаулы орта.Жетісай пед.училищесі– «Бастауыш сыныпта оқыту»1989ж. Тәрбиеші болып жұмыс істейді.

17.Уразбаева Галия Малибековна- Біліміжоғары, «Аймақтық әлеуметтік-новациялық» университеті. «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»-2014ж Тәрбиеші болып жұмыс істейді.

18. Умирзакова Бану Абдижаппаровна-Білімі жоғары Қазақ инженерлі – педагогикалық халықтар достығы университеті –«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» 2015 жыл.Тәрбиеші болып жұмыс істейді.

Педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы мәліметтер 2-қосымшада берілді.МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болмауы (тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтер дипломдарының көшірмелері қоса берілді);

Мақтаарал ауданы«Ақберен» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны педагогтар мен қызметкерлердің штаттық кестесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен басшылыққа алынып, белгіленген. Бөбекжай-бақша қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулары балабақша бастауыш кәсіподақ келісімімен бекітілген. Әр қызметкерге өз жұмысына сай лауазымдық нұсқаулықтар таныстырылған. Бөбекжай-бақша қызметкерлеріне жеке іс құжаттары жүргізілген. Онда қызметкерлердің жеке куәлік көшірмесі, аттестаттау парағы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен сертификаттарының көшірмелері, (жеке куәліктер, диплом, біліктілік курстар сертификаттар, көшірмесі қоса жолданды)

Барлық педагогтар саны	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша	Бастауыш сыныпта оқыту мамандығы бойынша	Психолог	Саз жетекшісі
18	44.4%	33.3%	5.5%	5.5%

Оқу жылдары	Барлық курстан өткен педагог саны	Оның ішінде «Өрлеу»	Оның ішінде ПШО
2021-2022 оқу жылы	2	2	0
2022-2023 оқу жылы	12	11	1
2023-2024 оқу жылы	3	2	1

«Ақберен» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынында педагогтардың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейлері бойынша бала дамуын үнемі бақылау арқылы тәрбиеленушілердің жетістіктерінің деңгейін анықтау қарастырылып, баланың жас ерекшелігіне сәйкес ептіліктері мен дағдыларының дамуына қадағалау жүргізілді. 2021-2022 оқу жылындағы бастапқы, аралық, қорытынды кезеңдерімен 2022-2023 оқу жылындағы балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бастапқы бақылау нәтижелері, электронды және қағаз түрінде жинақталған. Бастапқы, аралық, қорытынды диагностиканың нәтижелері бойынша бақылау парақтарының мәліметтері негізінде баланың жеке даму картасы топтағы әрбір балаға толтырылған. 2023-2024 оқу жылындағы бастапқы бақылау нәтижелері салынды. Жеке даму карталарында білім беру салалары бойынша түзету іс-шаралары көрсетілген және күнделікті күннің екінші жартысында балалармен жеке жұмыста түзету жұмыстар жүргізілуде (тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының карталары)көшірмелері электронды нұсқада жіберілді.

«Ақберен» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының педагогтары шығармашылық, көркемдік конкурстар мен байқауларға қатысу нәтижелері: 2021-2023 жыл аралығы

№	Т.А.Ә	Республикалық деңгейдегі жетістіктер	Облыстық деңгейдегі жетістіктер	Аудандық деңгейдегі жетістіктер	Балабақша-ішілік
1	Мусырманкулова Бадикулжамал Акимкуловна		Мадақтама «2020-2021 ож ерекшеліктер» тақырыбында педагогтардың облыстық тамыз конференциясында озық идея ж/е тәжірибесімен бөліскені үшін марапатталды. 2020ж	Мадақтама «Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілеріне экологиялық тәрбиені табиғатпен қарым-қатынаста жүргізу» тақырыбында өткен аудандық семинарда белсенділік танытып,өз тәжірибесімен бөліскені үшін марапаттады.-2023ж	

				<p>Диплом МДҰ арасында баланың кітапқа қызығушылығын арттыру мақсатында ұйымдастырылған кітап бұрышы бойынша өткен «Балаларға базарлық» аудандық сайысында Зорын алғаны үшін марапатталады-2023ж</p> <p>Алғыс хат Ұстаздар күніне орай шәкірт тәрбиелеугегі ерен еңбегіңіз үшін-2023ж.</p> <p>Диплом МДҰ педагогтарының арасында заманауи дәстүрлі емес сурет салу техникасы сайысында идеялар мен кәсіби шеберлігі үшін 2 орын-2022ж.</p> <p>Диплом «Ана тілің-арың бұл» ата-аналардың қатысуымен мәнерлеп оқу чөлентжіне қатысып «Үздік жеке мәнерлеп оқушы» номинациясы үшін-2021ж</p>	
2	Байниязова Майра Тахировна			<p>Алғыс хат Жас ұрпаққа сапалы білім саналы тәрбие берудегі белсенді еңбегі ж/е сала қызметкерлерін</p>	

				<p>әлеуметтік қорғаудағы қызметі үшін-2022ж</p> <p>Алғыс хат «Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық құндылықтар, Отаншылдық, еңбексүйгіштік бағытымен білім беру» тақырыбында өткен тамыз конференциясында белсенді қатысқаны үшін. 2022ж</p>	
3				<p>Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде ұстаздық ұлағатыңыз және шәкірт бойына ұлттық рух пен азаматтық адамгершілік қалыптастарудағы еңбегі үшін. Білім бөлімі басшысы мен кәсіподақ комитеттінің Алғыс хаты 2022 жыл</p> <p>Алғыс хат «Жаңашыл тәрбиешілер -2021» байқауындағы кәсіби біліктілігі мен педагогикалық шеберлігі үшін. Аудандық кәсіподақ комитеті 2021 жыл</p>	<p>Алғыс хат Жас ұрпаққа сапалы білім саналы тәрбие берудегі белсенді еңбегі ж/е демеушілік жасағаны үшін. 2022жыл</p>
4	Аязова Зарипа Серикбаевна	Халықаралық «Қысқы ертегі»		<p>Мадақтама «Мектепке дейінгі ұйым</p>	<p>Алғыс хат Аудандық тамыз</p>

		сурет байқауына атсалысқаны үшін 2021 жыл		<p>тәрбиеленушілеріне экологиялық тәрбиені табиғатпен қарым-қатынаста жүргізу» тақырыбында өткен аудандық семинарда белсенділік танытып, өз тәжірибесімен бөліскені үшін марапаттады. -2023ж</p> <p>Алғыс хат Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде игілікті іс шараларға белсене қатысып, іскерлігіңіз бен кәсіби шеберлігі үшін 2022 жыл</p> <p>I дәрежелі ДИПЛОМ «Педагогикалық идеялар» фестивалінде инновациялық идеялары мен кәсіби шеберлігі үшін 2023 жыл</p>	конференциясында көрсеткен тиімді әдіс тәсілдері үшін 2022 жыл
5	Ботабекова Гулшат Жарылкаповна	Ұлттық валюта теңгенің 30-жылдығына орай, «Тұғыры биік төл теңге» байқауына шәкірт дайындап, оның		<p>Мадақтама «Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілеріне экологиялық тәрбиені табиғатпен қарым-қатынаста жүргізу» тақырыбында өткен аудандық семинарда белсенділік танытып, өз</p>	Мадақтама Ұстаздар күніне орай, шәкірт тәрбиелеу жолында атқарған еңбегі үшін 2023 жыл

		<p>бойындағы дарыны мен талантын дамытуға сіңірген еңбегі үшін 2023 жыл</p> <p>I дәрежелі ДИПЛОМ «Үздік тәрбиеші» тәрбиешілер арасында өтілген онлайн Близ турнир жеңімпазы 2021 жыл</p>		<p>тәжірибесімен бөліскені үшін марапаттады.-2023ж</p> <p>МАДАҚТАМА Жаңашылдығы, кәсіби шеберлігі мен ізденімпаздығы үшін 2022 жыл</p>	
6	<p>Дарменшиева Гулнур Анарбековна</p>			<p>Мадақтама «Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілеріне экологиялық тәрбиені табиғатпен қарым-қатынаста жүргізу» тақырыбында өткен аудандық семинарда белсенділік танытып, өз тәжірибесімен бөліскені үшін марапаттады.-2023ж</p>	<p>Мадақтам а Ұстаздар күніне орай, шәкірт тәрбиелеу жолында атқарған еңбегі үшін 2023 жыл</p>
7	<p>Жиенбаева Бактгул Абдукаримовна</p>	<p>Құрмет грамотасы «Біз бақытты баламыз» атты Республикалық</p>		<p>Алғыс хат «Жаңашыл тәрбиешілер -2021» байқауындағы кәсіби біліктілігі мен педагогикалық шеберлігі үшін «Шебер тәрбиеші»</p>	

		балалар мен жас өспірімдердің шығармашылық байқауына сіңірген еңбегі үшін 2020 жыл		номинациясын иеленді. Аудандық кәсіподақ комитеті 2021 жыл	
8	Зулымханова Райгул Куралбаевна	АЛҒЫС ХАТ Тәуелсіздіктің жылдық мерейтойына орай өткізілген «Тәуелсіз елдің ұрпағы» атты байқауда жеткен жетістігі үшін 2021 жыл АЛҒЫС ХАТ Еліміздің педагогика саласының дәрежесін көтеріп, болашақ ұрпақтың білімі мен тәрбиесінің дамуына үлес қосып, сапалы білім мен қатар			АЛҒЫС ХАТ Білім күнімен құттықтай отырып, өскелең ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие берудегі игі істеріңіз үшін және біліктілігін жоғарғы дәрежеде танытқаны үшін 2022 жыл Алғыс хат Наурыз мерекесінде жоғарғы дәрежеде белсенділік танытқаны үшін 2022 жыл

		педагогикалық ізденіс жолындағы еңбегі үшін 2022 жыл			
9	Орынбекова Бактыгул Жақсылыковна	<p>III дәрежелі ДИПЛОМ Республикалық «Үздік мектепке дейінгі ұйым қызметкері»</p> <p>олимпиадасының жүлдегері 2021 жыл</p> <p>АЛҒЫС ХАТ «Жайдарлы жаз» атты мектепке дейінгі даярлық және балабақша тәрбиеленушілеріне арналған ҮІІ Республикалық онлайн байқауына шәкірт дайындағаны үшін 2021 жыл</p>		<p>Мадақтама «Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілеріне экологиялық тәрбиені табиғатпен қарым-қатынаста жүргізу» тақырыбында өткен аудандық семинарда белсенділік танытып, өз тәжірибесімен бөліскені үшін марапаттады.-2023ж</p> <p>II дәрежелі ДИПЛОМ «Педагогикалық идеялар» фестивалінде инновациялық идеялары мен кәсіби шеберлігі үшін 2022 жыл</p> <p>II дәрежелі ДИПЛОМ «Үздік понарамалық сабақ» атты аудандық сырттай байқауда интеллектуалдық және шығармашылық дамытып, үздік сабақ жоспарын насихаттағаны үшін 2021 жыл</p>	Мадақтама Ұстаздар күніне орай, шәкірт тәрбиелеу жолында атқарған еңбегі үшін 2023 жыл

				<p>АЛҒЫС ХАТ «Жаңашыл тәрбиешілер -2021» байқауындағы кәсіби біліктілігі мен педагогикалық шеберлігі үшін «Өнерлі тәрбиеші» номинациясын иеленді. Аудандық кәсіподақ комитеті 2021 жыл</p> <p>АЛҒЫС ХАТ Ауданның қоғамдық саяси өміріне белсене араласып, ел ішінде бірлік пен ынтымақтың нығая беруіне өмірлік іс тәжірибесін аямай жұмсап, Тәуелсіздік құндылықтарын қадірлей білуге үлгі өнеге көрсетіп жүргеніңіз үшін 2020 жыл</p>	
10	Исабекова Гайныш Калмахановна		<p>МАДАҚТАМ А Мемлекетіміздің рухани әлеуетін нығайту мен бәлкім беру саясатын жүзеге асыруда кәсіби жаңашылдығы мен кәсіби ізденімпаздығы үшін. 2022 жыл</p>	<p>ІІІ дәрежелі ДИПЛОМ «Хан талапай» ойынында танытқан шығармашылық ізденісі мен кәсіби шеберлігі үшін 2022 жыл</p>	<p>Мадақтам а Ұстаздар күніне орай, шәкірт тәрбиелеу жолында атқарған еңбегі үшін 2023 жыл</p> <p>АЛҒЫС ХАТ Білім күнімен құттықтай отырып, өскелең</p>

					<p>ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие берудегі игі істеріңіз үшін және біліктілігін жоғарғы дәрежеде танытқаны үшін 2022 жыл Алғыс хат Наурыз мерекесінде жоғарғы дәрежеде белсенділік танытқаны үшін 2022 жыл</p>
11	<p>Кузербаева Айсара Бактыбаевна</p>	<p>I дәрежелі ДИПЛОМ «Үздік педагог» қашықтық олимпиада сының жеңімпазы 2021 жыл</p> <p>I дәрежелі ДИПЛОМ «Үздік тәрбиеші» қашықтық олимпиада сының жеңімпазы 2021 жыл</p> <p>III дәрежелі ДИПЛОМ</p>			

		<p>«Үздік тәрбиеші» қашақтық олимпиада сының жеңімпазы 2023 жыл</p> <p>I дәрежелі ДИПЛОМ Республикалық мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері арасында ұйымдастырылған «Мектепке дейінгі оқыту пәнінен» онлайн олимпиада сында жеңімпаз атанғаны үшін 2021 жыл</p>			
12	Сламбекова Алия Мусахановна			<p>II дәрежелі ДИПЛОМ «SMART сабақ» байқауында танытқан ойлылығы мен шеберлігі үшін 2023 жыл</p> <p>ДИПЛОМ «Бақытты балалық шақ» атты мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің асфальтқа сурет салу</p>	<p>III дәрежелі ДИПЛОМ «Шымырлық пен шеберлік күні» аясында өткізілген «Хан талапай» ұлттық ойынында жеңіске жеткені үшін 2022 жыл</p>

				байқауында «Позитивті көзқарас» номинациясына иеленгені үшін 2021 жыл	
13	Садибекова Айгерим Жумабаевна	II дәрежелі ДИПЛОМ Республика лық тәрбиешіле р арасында өтілген қашықтық олимпиада сында «Үздік тәрбиеші» атанғаны үшін 2021 жыл		I дәрежелі ДИПЛОМ «Жаңа мектепке жаңашыл ұстаз» тақырыбында жас мамандар арасында өтілген байқауында танытқан кәсіби шеберлігі мен ізденімпаздығы үшін 2022 жыл АЛҒЫС ХАТ «Үздік тәрбиешілер» байқауына белсене қатысып, кәсіби біліктілігі мен педагогикалық шеберлігін танытқаны үшін 2021 жыл	
14	Сындарова Бибигул Сапаровна				АЛҒЫС ХАТ Білім беру саласында өскелең ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие берудегі еселі еңбектеріңіз үшін 2022 жыл
15	Тузелова Гулзахира Салибаевна	I дәрежелі ДИПЛОМ «Бірінші байлық Денсаулық » атты			АЛҒЫС ХАТ Білім беру саласында өскелең ұрпаққа сапалы білім

		балабақша тәрбиешілері арасында өткен эсс байқауында жеңімпаз атанғаны үшін 2021 жыл			мен саналы тәрбие берудегі еселі еңбектеріңіз үшін 2022 жыл
16	Уразова Сауле Номиялыовна				АЛҒЫС ХАТ Білім беру саласында өскелең ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие берудегі еселі еңбектеріңіз үшін 2022 жыл МАДАҚТАМ А Ұстаздар күніне орай, шәкірт тәрбиелеу жолында атқарған еңбегі үшін 2023 жыл
17	Уразбаева Галия Малибековна	III дәрежелі ДИПЛОМ Республикалық «Үздік мектепке дейінгі ұйым қызметкері»		АЛҒЫС ХАТ Ауданның қоғамдық саяси өміріне белсене араласып, ел ішінде бірлік пен ынтымақтың нығая беруіне өмірлік іс тәжірибесін аямай жұмсап, Тәуелсіздік құндылықтарын	МАДАҚТАМ А Ұстаздар күніне орай, шәкірт тәрбиелеу жолында атқарған еңбегі үшін 2023 жыл

		олимпиадасының жүлдегері 2021 жыл		кадірлей білуге үлгі өнеге көрсетіп жүргеніңіз үшін 2022 жыл АЛҒЫС ХАТ Ауданның қоғамдық саяси өміріне белсене араласып, ел ішінде бірлік пен ынтымақтың нығая беруіне өмірлік іс тәжірибесін аямай жұмсап, Тәуелсіздік құндылықтарын кадірлей білуге үлгі өнеге көрсетіп жүргеніңіз үшін 2020 жыл	
18	Умирзакова Бану Абдижаппаровна	III дәрежелі ДИПЛОМ Республикалық «Үздік мектепке дейінгі ұйым қызметкері» олимпиадасының жүлдегері 2021 жыл		АЛҒЫС ХАТ Ауданның қоғамдық саяси өміріне белсене араласып, ел ішінде бірлік пен ынтымақтың нығая беруіне өмірлік іс тәжірибесін аямай жұмсап, Тәуелсіздік құндылықтарын кадірлей білуге үлгі өнеге көрсетіп жүргеніңіз үшін 2020 жыл	

«Ақберен» бөбекжай-бақшасында 2021-2022,2022-2023,2023-2024 оқу жылдары бойынша білім беру ұйымында педагог-мамандары мен тәрбиешілердің перспективалық жоспарлары мен циклограмма құрылымы топтар бойынша 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен бекітілген"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына,Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген.

«Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылған (2022 жылғы 26 шілдедегі), «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2022 жылғы 23 қарашадағы ұсынылған әдістемелік нұсқауы перспективалық жоспарлар жасау барысында басшылыққа алынған.

(бағаланатын кезеңге бекітілген перспективалық жоспар және циклограммалар, үлгілік оқу жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесінің көшірмелері қоса жүктелді)

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша: - физикалық дамыту; - коммуникативтік дағдыларды дамыту; - танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту; - шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту; - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады. Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады: 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру); 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде); 3) сөйлеуді дамыту; 4) көркем әдебиет; 5) сауат ашу негіздері; 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда); 7) сенсорика; 8) математика негіздері; 9) құрастыру; 10) қоршаған ортамен таныстыру; 11) сурет салу; 12) мүсіндеу; 13) жапсыру; 14) музыка. Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

Инновациялық технологиялар:

«Монтессори»

«Ойын» технологиясы

«Денсаулық» технологиясы

«ТРИЗ» технологиясы

«Мнемотехника» технологиясы

Ақпараттық-коммуникативтік технология

Дамытушы әдістер:

В.В.Воскобовичтың ойын әдісі

Н.А. Зайцевтің текшелері

Ф.Фребель ойын құралы

«Әуенді кесте»

3. Тәрбиеленушілер контингенттері

2023 – 2024 оқу жылында сегіз топ жасақталды

Р/с	Топ атауы	Жас ерекшелігі	Бала саны
1	Кіші топ «Күншуақ»	2 жастағы балалар	15
2	Кіші топ «Нұрбөбек»	2 жастағы балалар	15
3	Кіші топ «Балапан»	2	15
4	Ортаңғы топ «Бүлдіршін»	3	15
5	Ортаңғы топ «Ақ бота»	3	21
6	Ортаңғы топ «Көгершін»	3 жастағы балалар	20
7	Ересек топ «Гүлдер»	4 жастағы балалар	20
8	МАДТ тобы «Қарлығаш»	5	19
	Барлығы		140

Жас кезендерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы жас ерекшеліктері бойынша жинақтау:

«Ақберен» бөбекжай-бақшасы бойынша жас кезеңдері сақталған, топтарда жас ерекшеліктері бойынша жинақталған. Өлшемшарттың 3 қосымшасына сәйкес жылдар бойынша жас топтары тізімдері жасалып, көшірмесі қоса берілді.

Топ атауы	Оқыту тілі	Тәрбиеленушілер саны	Тәрбиеленушілердің жастары				
			1	2	3	4	
Кіші топ «Нұрбөбек»	қазақша	15		15			
Кіші топ «Күншуақ»	қазақша	15		15			
Кіші топ «Балапан»	қазақша	15		15			
Ортаңғы топ «Бүлдіршін»	қазақша	15			15		
Ортаңғы топ «Көгершін»	қазақша	20			20		
Ортаңғы топ «Ақ бота»	қазақша	21			21		

Ересек топ «Гүлдер»	қазақша	20				16	4	
МАДТ тобы «Қарлығаш»	қазақша	19					19	
Барлығы	8	140	-	45	56	16	23	

4. Оқу әдістемелік жұмыс

Жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі:

Педагогикалық ұжым балаларға тәрбие мен білім берудің сапасын көтеру мен жетілдіруге байланысты мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізеді.

Тәрбиеленушілердің мемлекеттік білім беру стандартын игеру деңгейі бағдарламалардың барлық тараулары бойынша іске асырылуда.

2022-2023 оқу жылында «Ақберен» бөбекжай-бақшасында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы және 2021-2022 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің мектепке дейінгі ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары 2018 жылы 30 қазандағы №595, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 жыл 12-тамыздағы №499 бұйрығын және «Қазақстан Республикасында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына сүйене отырып, әр топтың оқу жоспары дайындалды.

Қазақстан Республикасының Денсаулық министрінің 2017 жылы 17-тамыздағы №615 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдары және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын басшылыққа ала отырып балабақшаның оқу жоспары жасалынды.

Барлық жас топтарында үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі сақталған. Үлгілік бағдарлама мазмұнының іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған физикалық, қатынас, таным, шығармашылық, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру негізінде жүзеге асырылады.

Жылдық жүктеме сағаттары кіші «Балапан» тобында Денешынықтыру аптасына -3сағат, айына 12 сағат, жылына—108сағат. Музыка аптасына 1сағат, айына-4сағат, жылына-36 сағат. Барлығы—144сағат құрайды. Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сенсорика, қорш. ортаен таныстыру, сурет салу, жапсыру, үсіндеу, құрастыру- күн сайын.

Кіші «Нұрбөбек» тобы Денешынықтыру аптасына -3сағат, айына 12 сағат, жылына—108сағат. Музыка аптасына 1сағат, айына-4сағат, жылына-36 сағат. Барлығы—144сағат құрайды. Басқалары күн сайын.

Кіші «Балапан» тобы Денешынықтыру аптасына -3сағат, айына 12 сағат, жылына—108сағат. Музыка аптасына 1сағат, айына-4сағат, жылына-36 сағат. Барлығы—144сағат құрайды. Басқалары күн сайын.

Ортаңғы «Бүлдіршін» тобында «Денсаулық» білім беру саласы бойынша —108 сағат. Қазақ тілі— 36 сағат. Музыка-36 сағат. Математика негіздері күн сайын,

Қорш.орта-күнсайын, жапсыру,сурет салу,мүсіндеу,арнайы түзету іс-әрекеті-күн сайын. Вариативтік компонент-36 сағат жылына. Жалпы жылдық оқу жүктеме сағат саны бойынша –180 сағат. вариатив бөлімі «Кел тыңдайық ертегі, ертегі сыр шертеді»–1 сағат құрады. Барлығы – 216 сағат.

Ортаңғы «Көгершін» тобында «Денсаулық» білім беру саласы бойынша –108 сағат. Қазақ тілі– 36 сағат. Музыка-36 сағат.Математика негіздері күн сайын, Қорш.орта-күнсайын, жапсыру,сурет салу,мүсіндеу,арнайы түзету іс-әрекеті-күн сайын. Вариативтік компонент-36 сағат жылына. Жалпы жылдық оқу жүктеме сағат саны бойынша –180 сағат. вариатив бөлімі «Кел тыңдайық ертегі, ертегі сыр шертеді»–1 сағат құрады. Барлығы – 216 сағат.

Ортаңғы «Ақбота» тобында «Денсаулық» білім беру саласы бойынша –108 сағат. Қазақ тілі– 36 сағат. Музыка-36 сағат.Математика негіздері күн сайын, Қорш.орта-күнсайын, жапсыру,сурет салу,мүсіндеу,арнайы түзету іс-әрекеті-күн сайын. Вариативтік компонент-36 сағат жылына. Жалпы жылдық оқу жүктеме сағат саны бойынша –180 сағат. вариатив бөлімі «Кел тыңдайық ертегі, ертегі сыр шертеді»–1 сағат құрады. Барлығы – 216 сағат.

Ересек «Гүлдер» тобында Денешынықтыру –108 сағат. Қазақ тілі–36 сағат,Музыка-72 сағат, Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, жапсыру, сурет салу, мүсіндеу,арнайы түзетуші іс-әрекеттер-күн сайын. Жалпы жылдық оқу жүктеме сағат саны –216 сағат, вариатив бөлімі «Кішкентай зерттеушілер»–1 сағат. Барлығы –252 сағат.

МАД «Қарлығаш» тобында Денешынықтыру-108 сағат жылына, Сөйлеуді дамыту-72 сағат, көркем әдебиет-72 сағат, қазақ тілі -72 сағат,Сауат ашу-108 сағат, математика негіздері-108 сағат, қоршаған ортамен таныстыру-72 сағат, жапсыру,мүсіндеу, сурет салу-36 сағат,музыка-36 сағат, Вариатив -72 сағат. Жалпы-684 сағат, барлығы-756 сағатты құрайды.

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына қосымша,Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 1-қосымша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық қасиеттерді дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;

-шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
-әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады. Физикалық қасиеттерді дамыту, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1)дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
- 2)жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3)сөйлеуді дамыту;
- 4)көркем әдебиет;
- 5)сауат ашу негіздері;
- 6)қазақтілі
- 7)сенсорика;
- 8)математика негіздері;
- 9)кұрастыру;
- 10)қоршаған ортамен таныстыру
- 11)сурет салу;
- 12)мүсіндеу;
- 13)жапсыру;
- 14)музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салтын егіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

«Денешынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, денешынықтыру-сауықтыру шаралары (танертеңгіжаттығу, сергітусәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады. Балалардың дене белсенділігін арттыру үшін қимылды ойындарға соның ішінде ұлттық қимылды ойындарға басымдық беру және балалардың дербес қимылды әрекетін таңертең, таңғы астан соң, серуен кездерінде, ұйқыдан соң өткізу ұсынылады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақтілі (мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес аптасына ортаңғы және ересек топта бір рет.)

ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, еңбек әрекеті, бейнелеу, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) театрландырылған, дербес және басқа да әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібінен сәйкес ұйымдастырылады.

Балалардың сөйлеуін тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ғана емес, күні бойы режимдік сәттерде, еркін ойын кезінде оларға түрлі сұрақтар қою (сұрақтарды қойғанда «иә» немесе «жоқ» деп жауап беретін жалпы сұрақтар немесе барлығы қосылып жауабын бірге айтуға арналған сұрақтар емес, әрбір бала жеке жауап бере алатындай сұрақтар) арқылы, балаларды көбірек сөйлесуге, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, олармен кез-келген мәселе бойынша әңгімелесіп, олардың пікірін тыңдау және т.б. арқылы дамыту ұсынылады.

Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тапқырлықтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды таңдау, ол үшін топта немесе мектепке дейінгі ұйымда балаларға арналған кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан кітап бұрышын ұйымдастыруға болады. Балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің ролін өзінше сомдауға және т.б. мүмкіндік беріледі. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған «әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады.

Ерте жас және кіші топтағы балалар үшін сенсорика бойынша заттарды, ойыншықтарды өзбетінше зерттеуіне көңіл бөлінді және олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратып салыстыруға баулу көзделді.

Ортаңғы, ересек топтары үшін математика негіздерін күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті эксперимент жасау, дербес және басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастырады.

Қоршаған ортамен танысу күн сайын заттарды бақылау, зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, кітаптарды қарау, әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын әрекеттері арқылы іске асырылады.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылады.

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті ерте, кіші, ортаңғы топтарда аптасына бір рет, ересек тобында аптасына екі рет музыка жетекшісімен кестеге сәйкес жүргізіледі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттау, музыка аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру:

«Ақберен» бөбекжай-балабақшасында мемлекеттік аттестаттау кезінде оқу-әдістемелік жұмыстың нәтижелігін анықтау мақсатында оқу-әдістемелік құжаттарына талдау жасалынды. Әдістемелік жұмыс төмендегі бағыттар бойынша жүргізіледі:

-педагог қызметкерлердің ақпараттық, оқу-әдістемелік және білімдік қажеттіліктерін қамтамасыз ету;

-педагогикалық процесте оқытудың заманауи құралдарын және ақпараттық технологияларды қолдану мәселелері бойынша кеңес, семинарлар өткізу;

-педагогтардың біліктілігін арттыру (олардың шығармашылық жұмысын, педагогикалық шеберліктерін жетілдіру мен өздігінен білім алуын қамтамасыз ету);

-педагогтардың шығармашылық еңбекке деген құштарлығына арттыруда жағдай туғызу, педагогтардың сұранысын есепке ала отырып, әдістемелік шаралар өткізу;

- оқу әдістемелік құралдар, жоспарлар, материалдар, топтардағы оқу-тәрбие ісін молайтуға арналған тапсырмалар мен ойын жағдаяттарын жинақтау.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мақсаты балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау болып табылады.

Осы міндеттерді орындау мақсатында «Ақберен» бөбекжай-бақшасының педагогикалық ұжымы білім мен тәрбие үрдісінде ұйымдастырудың озық тәжірибелерін пайдалана отырып, баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырып, оқу-тәрбие жұмысы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарларына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылды.

2021-2022 оқу жылында ҚР-сы Ғылым және Білім министрінің 2016 жылғы 12 тамыз № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы» бойынша тақырыптық материалдар топтамасын қолдандық. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны –«Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асырылады.

Тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі негізгі қағидаларды назарда ұстау ұсынылды:

-ойын арқылы оқыту,

-білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту. Білім беру мекемесінің өзін-өзі бағалау барысында төмендегідей жұмыстар атқарылды:

топтардың жалпы жағдайларын бақылау, күн тәртібінің сақталуы,

тәрбиешілермен мамандардың балалармен тәрбие-білім жұмыстарын жүргізу

барысында заттық-дамытушы орталықтарын толықтырып, дидактикалық ойындар, картотекалар, мнемотехника жиынтығы кеңінен қолдануда.

Балабақшамызда педагогтардың кәсіби шеберліктерін шындауға бағытталған іс-шаралар жоспарға сай өткізіліп тұрады, педагогикалық кеңестер, семинарлар, тренингтер, ашық ұйымдастырылған оқуіс-әрекеттері. Білім беру ұйымында мамандардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне тәжірибелік қызметке даярлау барысында әдістемелік көмек көрсетіліп тұрады.

Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын басшылыққа алып, әдістемелік іс-шараларды өткізудің жаңаша жолдарын іздестіруді жалғастырып отырады.

- Ортаңғы топ тәрбиешілері «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың жаңартылған оқу бағдарламасын, оқыту практикасына өзгерістер енгізу және оларды басқару» жаңартылған оқу бағдарламасының балалардың жеке тұлға болып қалыптасып дамуына жаңа әдіс-тәсілдер арқылы жетуге болады.

Баламен жеке жұмыс жасағанда, баланың неге қызығушылығының бар екенін байқап, одан әрі арттыру үшін тікелей бақылауға аламыз. Ұйымдастырылған оқу қызметінде тәрбиеленушілердің үнін тыңдап, ойын түрлерін дұрыс ұйымдастырып, жетелеуші сұрақтарды дұрыс қоя біліп, мақсатқа жетуге болады. Ойындардың әдіс-тәсілдерін жақсарту үшін тәрбиешілер шығармашылық жұмыстарын мнемокесте технологиясын әрі қарай жаңаландырып, ойын түрлерімен біріктіріп жалпы білім сапасын жоғарылату мақсатында баланың даму құралы ретінде пайдалану керек екенін жоспарлап отырмыз.

Балабақша өзіндік бағалаудан өткізу барысында нормативті-құқықтық құжаттар, әдістемелік жұмыстардың түрлері, олардың нәтижелілігі сарапталды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі өзгеріп тұрған әлемге бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуына жағдай жасалынған.

Жаңадан қабылданған балалармен және оның ата-аналарымен бейімделу бойынша жұмыстар жүргізілді. Баламен жеке жұмыстар, ата-аналарға «Күн тәртібінің маңызы», «Балаңыз балабақшаға дайын ба?» тақырыптарында кеңестер берілді. Өтпелі кезең дағдарысынан оңтайлы өтулеріне жағдай жасап, профилактикалық шаралар өткізіліп тұрды.

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп сабақтастықпен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету мақсатында балабақша мен мектеп педагогтар арасында іскерлік ынтымақтастық орнату үшін, балаларды мектепке оқытуға дайындау жылдық жоспарда белгіленген іс-шаралар бойынша жүргізіледі: Мектепке саяхат жасау, мектеп және балабақша педагогтарының өзара сабақтарға, ертеңгіліктерге, спорттық шараларға, «Ашық есік күндеріне» қатысу арқылы, ересек топ балалармен бірлескен сурет көрмелері, балалардың мектепке дайындығы туралы мониторинг жүргізіледі.

Мектепке дейінгі баланың ақыл-ой тәрбиесі қазіргі заман талабы және ең өзекті мәселе, ең қажеттісі баланың ақыл ойын дамыту болса, негізгі ақыл үлкендердің, тәрбиешілердің шебер басшылығы, өзіндік талпынысы қажет. Балабақша педагогтары осы мақсатты негізге ала отырып, бірлесе ашық оқу қызметтерін ұйымдастырған. Жаңа технологиялардың элементтерін қолдану мақсатында «Қызықты математика» құралдары, ұяшықтарға салынатын

пішіндер, кестелер. Монтессори технологиясының элементтерін қолдануда фетрден тігілген құралдар, балалардың саусақтарының, ұсақ моторикасын дамыту мақсатында-түймелеу алма ағашына алмаларды орналастыру, сылдырмақтар және т.б күннің екінші жартысында қолдану ұйымдастырылып пайдалануда, тәрбиеленушілердің деңгейлеріне орай тапсырмалар беріліп, топтық ұжымдық жұмыс жасауды қалыптастыруда.

Бақшада жылдық жоспарға сәйкес жыл бойына 5 педагогикалық кеңес, 6 әкімшілік кеңес, 4 өндірістік кеңес, 2 жалпы ата-аналар жиналысы, 4 әдістемелік кеңес, ата-аналарға арналған консультация, мерекелер мен ойын-сауықтар, көрмелер мен байқаулар, ашық есік күндері өтілді. Педагогикалық кеңесте қаралған негізгі «Отбасы мен балабақша бірлігі», «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында білім беру нәтижелеріне қойылатын талаптар», тақырыптарында баяндамалар оқылып, «Ертегі тақырыптарын өмірмен байланыстырып үйрету» тақырыбында педагогтармен пікіралмасу өтті.

Әкімшілік кеңесте жоспарланған мәселелер толық қаралды. Онда топтардың жаңа оқу жылына дайындығына, мерекелік іс-шаралардың өткізілуі, жоспарлануы, аралық мониторинг қорытындысы, медициналық құжаттардың жай-күйі, санитарлық эпидемиологиялық режимнің сақталуы жайында жұмыстардың атқарылуына есеп беру ұйымдастырылды, Өткізілген мерекелік іс-шараларға талдау жасалынып, жақсы деңгейде жүргізген тәрбиешілерді марапаттауға ұсынды. Педагогтардың өз білімдерін көтеру талқыланып, нәтиже шығарылды. Биылғы оқу жылында 2 тәрбиеші , 1 меңгеруші өзін өзі жетілдіру курсына қатысып, сертификат алды.

Өндірістік кеңесте шаруашылық мәселелері мен балалардың өмірі мен денсаулығын қарау мәселелері және олардың рационалды тамақтануын қадағалау, Күн тәртібінің орындалуы жөнінде, топтардың тізімін анықтап ,жас ерекшеліктеріне сай топтастыру жұмыстары жасалды.Жазғы сауықтару шараларының жүргізілуі шолу тексеру жүргізіліп, қаралып отырды.

Тәрбиеші мамандар біліктілік деңгейін арттыру мақсатында аудандық семинарларға қатысып, тәжірибесін шыңдап отырды.

Оқу жылы барысында балабақшаның негізгі мақсаттарына байланысты дөңгелек үстелдер жоспардағы тақырыптар бойынша лекциялар тыңдалып, сол тақырыптар барысында кеңестер, ойын-сабақтар, сауалнамалар өткізілді.

Әр айда жоспарға байланысты кеңестер беріліп, түсіндірілді. Тәрбиешілер оқу-тәрбие процесін барынша жан-жақты, жаңаша, жас ұрпақты шығармашылыққа тәрбиелеу мақсатында түрлі әдіс-тәсілдерді, жаңа технологияларды меңгеріп, оқу қызметіне мұқият дайындалып, оқу қызметін қызықты, балаға түсінікті әрі жақын өткізуге талпынды.

